**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мектепке дейінгі ұйымы: МКҚК № 15 «Әлия» бөбекжайы**
**Топ: №1 «Балапан кіші тобы**
**Балалардың жасы: 2 жас**
**Қараша айы 2024 жыл 4 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 25.11.2024ж | Сейсенбі 26.11.2024ж | Сәрсенбі 27.11.2024ж | Бейсенбі 28.11.2024ж | Жұма 29.11.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Әңгіме құрастыру Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар).**Сөйлеуді дамыту** | «Пирамида жинау» көлеміне қарай жинауға үйрету. **Сенсорика** | Қ/о:«Түсі бойынша ата» Топтық ойын **Танымдық дағдылар** | Қ/ ойын: «Допты ұста»топтық ойын ойнату **физикалық қасиеттер** | М.Монтессори Қол жуу Баланы қол жууға үйрету бойынша қимыл жаттығуы **Бір тұтас тәрбие** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығулар кешені № 6 (құралсыз)**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>«Достар» -жұптасып жүру.<br>Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып , арақашықтықты сақтау.<br>**Б.қ: «Көбелек қонды»**<br>Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру, басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ: «Жыланның қозғалысы»**<br>Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. Иықты ирелеңдете айналдыру. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ: «Қайшы»**<br>Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ: «Жұлдызша»**<br>Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. (6 рет қайталау)<br>**Қорытынды:** Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік | Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері | Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат | Суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен | (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **Жапсыру** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру<br>**Жапсыру** | бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.<br>**Сенсорика** | есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Сөйлеуді дамыту** | катар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.Көркем әдебиет | |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру<br>Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау<br>Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>Орнында жүру.<br>Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. | **Музыка**<br>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. | **Дене шынықтыру**<br>Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.<br>заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; | | **Дене шынықтыру**<br>Біркалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру.<br>Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br>Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;<br>Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. |
| | Үй құстары атты мультфильм көрсету.<br>Мультфильм желісі бойынша айтылған сөздерді қайталап айтуын үйрету | Тауық пен баланның суретін көрсету, сұрақтарға жауап беру аясында байланыстырып сөйлеуді үйрету | Қуыр-қуыр, қуырмаш<br>Балапанға бидай шаш<br>Әжең келсе есік аш<br>Қасқыр келсе мықтап бас<br>Мультфильм көру.<br>Бірге айту, әр баламен | Таңдауы бойынша үй құстарын бояту, ермексаздан мүсінін жасату, фланелеграфта бір қатарға жапсыру жұмыстарды орындауға талпындыру. | Тауық, әтеш, балапан суреттерін көрсетіп бір отбасы екенін түсіндіру. Дауыстарын салдырту. Атауларын атау. ойын еркін әрекетін ұйымдастыру. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** Кітаптардан «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің кітабын көрсету. Суреттерге карап ертегіні желісін бұзбай айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын дамыту. **(көркем әдебиет)** Бастыру әдісімен үй құстарын салдырту. **(сурет салу)** | Көңілді әуенге би билету. «Менің шөжегім» әніне қосылып айтуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | ойнау. Сөздерін қайталап айтқызу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Үйректі бояту. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту **(сурет салу)** Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату **(сенсорика)** | Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Бір бірімен қарым қатынас жасауын қалыптастыру. **(көркем әдебиет)** Бірдей құстардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру. **(сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Кием шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Балабақша ауласындағы құстарды карау, бақылату. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | Балабақша ауласын таныстыру, ауа райы туралы айтып беру. **(қоршаған ортамен танысу)** | Кітаптан үйрек, қаздың суретін қарау, дауысын салуын пысықтау. **(көркем әдебиет)** Балалардың дербес әрекеттері | Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар ойнату **(құрастыру)** Жапырақтармен, бұтақтарды жинап себетке салғызу. | Үй құстарына тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаттары құйрығы, аяқтары, ) ажыратып және атай білуге үйрету |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойындар<br><br>Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату **(сенсорика)** | бормен еркін сурет салдырту. **(сурет салу)** Қимылды ойын «Түсіне қарай жина» доптармен ойын ойнату | Аспандағы бұлтқа, жаңбыр мен желге карауды ұйымдастыру Өзгерістерді байқауды үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | Олардың ағаштан түскенін байқату. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қ/о *«Шарды ұста»* | Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың канаттарын көрсету. Құстар ұқсап қанаттарын қағу секілді қимылдарды жасату. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың таңдауы бойынша ермексаздан үй құстарына арналған жем жасату фланелеграфта үй құстарын тауып жапсыру дағдыларын пысықтау **(мүсіндеу, жапсыру)** | Құрастыру ойыншықтарынан балапанды құрастыруды үйрету **(Құрастыру)**<br><br>Тауықтармен балапанды жапсыруды меңгерту **(Жапсыру)**<br><br>Ермексаздан құстарға жем жасату. | Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттерді таңдауын ұйымдастыру.<br><br>Ермек саздан үйректі мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)**<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қымыл жасауын дамыту**(құрастыру)** | Дидкатикалық ойын «Бұл қай құс?» Құстардың ойыншықтарын көрсету арқылы атауын атап, әңгімелеу дағдысын дамыту **(көркем әдебиет)**<br><br>Үй құстарын шашып тастап, қайта жинату. **(сенсорика)** | Кітаптарды көрсетіп, балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін тауып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алинаға мультфильм желісі бойынша айтылған сөздерді қайталап айтуын үйрету. | Айнатқа «Менің шөжегім» әнің қосылып айтуды үйрету. | Айқынға бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. | Кәусарға бір қатарға жапсыру жұмыстарды орындауға талпындыру. | Аялаға тауық, әтеш, балапан суреттерін көрсетіп бір отбасы екенін түсіндіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Қуыр-қуыр | Қ/о *«Шарды* | Қ/О «Ақ доп, қызыл | Үй құстарына тән | Қ/О «жүгіріп қағып ал» |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуырмаш»<br><br>Тастардан мұнара құрастыруды көрсетіп үйрету.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | *ұста»*<br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату<br>**(сенсорика)** | доп».<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаттары құйрығы, аяқтары, ) ажыратып және атай білуге үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>К/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br><br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар<br><br>Құрастыру ойыншықтарынан жемістерді құрастыруды үйрету<br>**(Құрастыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.<br>(мәдени -гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Шалқан, бауырсақ мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру. | Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. |

**«Тексерілді»**
**№15 «Әлия»бөбекжайы»**
**МКҚК-әдіскері:**
**Ү.Г.Нурмухамметова ____**
**«22» «11» 2024жыл**

Сканировано с CamScanner